

Қ. Сарқытқан* , С.К. Әмірбекова 

Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

*e-mail: kaster012@mail.ru

ТҮРІК ТІЛДЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚОНЫСТАРЫ МЕН ҰЛЫ КӨШІ-ҚОНДАРЫ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ ЫҚПАЛЫ

Мақала – түрік тілдес халықтардың тарихи-географиялық қоныстары мен ұлы көші-қон үдерістерін кешенді түрде зерттеу арқылы олардың Еуразия кеңістігіндегі этномәдени және өркениеттік ықпалын анықтауды басты мақсат етеді. Бұл ретте түрік халықтарының этногенезі, ежелгі отандары, қоныс аудару себептері мен бағыттары, сондай-ақ көші-қонның тарихи, саяси, әлеуметтік және экономикалық салдарын, сондай-ақ бүгінгі географиялық аймақтарын жан-жақты талдау көзделеді.

Мақалада мазмұны мен міндеттеріне байланысты әртүрлі зерттеу әдістері қолданылды. Мәселен, Ежелгі Қытай, Еуропа, Ресей, Түрік, Араб, сондай-ақ Орталық Азия ғалымдарының еңбектеріндегі тарихи құжаттар, көне мәтіндер мен жазбаларды зерттеуде тарихи-мәтіндік салыстырып талдау әдісі; көші-қон жолдары мен географиясын қарастыруда тарихи карталар әдісі; табиғи-географиялық және климаттық деректерді зерттеуде географиялық-экологиялық зерттеу әдісі; сондай-ақ көші-қонға әсер еткен әлеуметтік құрылымдарды, таптық бөліністерді және экономикалық факторларды, оның ішінде көшпелі мал шаруашылығы мен сауда жолдарының қозғалысты жеңілдетудегі рөлін зерттеуде әлеуметтік-тарихи әдістер және басқа да зерттеу әдістері қолданылды.

Мақаланың ғылыми жаңалығы ретінде, төмендегі тұжырымдар ұсынылды: Түрік халықтарының көші-қон тарихы алғаш рет **әртүрлі дереккөздер** (Қытай, Еуропа, Ресей, Араб және Түрік) негізінде **көпқырлы салыстырмалы-мәтіндік талдау әдісімен** зерттелді; Көші-қон қозғалыстарының **географиялық, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық** факторлары біртұтас тарихи үдеріс ретінде қарастырылды; **Сәулеттік антропология мен молекулалық генетика** әдістерін қатар қолдану арқылы түрік халықтарының **мәдени-антропологиялық сипаты** жаңа қырынан ашылды; Түрік халықтарының көші-қон арқылы Еуразия кеңістігіндегі **геосаяси және этномәдени ықпалы** қазіргі заманмен сабақтастырыла зерделенді.

Зерттеу барысында төмендегідей нәтижелер алынды: Түрік халықтарының ежелгі және ортағасырлық кезеңдердегі көші-қон қозғалыстарының **тарихи-географиялық картасы** ұсынылып, қазіргі таралу аймақтарымен байланысы көрсетілді; көші-қон үдерістерінің **мәдени алмасуға** жасаған ықпалы айқындалды; түрік халықтарының Еуразияның әртүрлі аймақтарында **мәдениет, шаруашылық, қала өмірі және сауда жолдарының дамуына** қосқан үлесі нақтыланды; зерттеу нәтижелері түрік халықтарының **этногенезі мен тарихи-мәдени эволюциясын** терең түсінуге негіз болады; түрік халықтары Еуразия даласында іргелі географиялық кеңістікке ие болып, қазіргі геосаяси, геοэкономикалық мүдделердің тоғысында маңызды рөл атқарып отыр.

Түйін сөздер: түрік халықтарының этногенезі, атажұрт, көші-қон тарихы, Еуразия кеңістігі, мәдени алмасу, қазіргі қоныстанған аймақтары, өзара қарым-қатынас, этномәдени ықпал.

K. Sarkitkan*, S.K. Amirbekova

R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: kaster012@mail.ru

Historical and geographical settlements and great migrations of turkic-speaking peoples and ethnocultural influence in the Eurasian space

The article aims to explore the ethnocultural and civilizational influence of Turkic-speaking peoples in the Eurasian space by examining their ethnogenesis, ancient homelands, resettlement causes and directions, and the broader consequences of their historical migrations. A wide range of research methods is employed, including historical-textual analysis of sources from Ancient China, Europe, Russia, Turkey, the Arab world, and Central Asia. Historical maps support the study of migration routes, while geographical and ecological methods assess environmental influences. Additionally, social-historical

methods help investigate class structures, nomadic economies, and trade networks that contributed to migration dynamics.

A key innovation of the study is its multifaceted comparative textual analysis, integrating diverse regional sources to reconstruct Turkic migration history. The article treats geographical, environmental, and socio-economic factors as components of a unified historical process. By combining methods from architectural anthropology and molecular genetics, it also offers new insights into the cultural and anthropological identity of Turkic peoples. The study further connects these historical movements to the contemporary geopolitical and ethnocultural significance of Turkic peoples in Eurasia.

The research yields several important results: a historical-geographical map of Turkic migrations from antiquity to the Middle Ages; identification of cultural exchange driven by migration; clarification of Turkic contributions to the development of urban centers, trade routes, and economic systems across Eurasia; and a deeper understanding of Turkic ethnogenesis and historical evolution. Ultimately, the article emphasizes that Turkic peoples continue to hold a strategically important position in the Eurasian steppes and play a vital role in today's geopolitical and geoeconomic landscape.

Keywords: Ethnogenesis of the Turkic peoples, ancestral homeland, migration history, Eurasian space, cultural exchanges, current settlement regions, mutual relations, ethnocultural influence.

К. Сарқытқан*, С.К. Амирбекова

Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

*e-mail: kaster012@mail.ru

Историко-географические поселения и великие миграции тюркоязычных народов и этнокультурное влияние на евразийском пространстве

Основная цель статьи – выявление этнокультурного и цивилизационного влияния тюркоязычных народов на евразийском пространстве путем комплексного изучения их историко-географических поселений и великих миграционных процессов. При этом предусматривается всесторонний анализ этногенеза, древней родины тюркских народов, причин и направлений переселения, а также исторических, политических, социальных и экономических последствий миграции.

В зависимости от содержания статьи и поставленных задач использовались различные методы исследования. В статье использованы историко-текстовый анализ исторических документов, древних текстов и записей, содержащихся в трудах ученых Древнего Китая, Европы, России, Турции, арабских стран и Центральной Азии. Также применяется метод исторических карт для изучения миграционных путей и географии, географико-экологические исследования для анализа природно-географических и климатических данных, а также социально-исторические методы для изучения социальных структур, классовых различий и экономических факторов, таких как роль кочевого скотоводства и торговых путей в облегчении миграции. Эти исследовательские методы позволяют глубже понять этногенез и историческое формирование тюркских народов Казахстана.

В статье представлены следующие выводы: история миграции тюркских народов впервые исследована методом многогранного сравнительно-текстового анализа на основе различных источников (Китай, Европа, Россия, Араб и Тюрк); Географические, экологические и социально-экономические факторы миграционного движения рассматривались как единый исторический процесс; Посредством параллельного применения методов архитектурной антропологии и молекулярной генетики культурно-антропологический характер тюркских народов открылся с новой стороны; В связи с современностью изучено геополитическое и этнокультурное влияние тюркских народов на евразийском пространстве через миграцию.

В ходе исследования были получены следующие результаты: представлена историко-географическая карта миграционных движений тюркских народов в древности и средневековье с указанием их связи с современными регионами распространения; определено влияние миграционных процессов на культурный обмен; определен вклад тюркских народов в развитие культурных, хозяйственных, городских и торговых путей в различных регионах Евразии; результаты исследований служат основой для глубокого понимания этногенеза и историко-культурной эволюции тюркских народов; Тюркские народы занимают обширное географическое пространство в Евразийских степях и играют важную роль на пересечении современных геополитических и геоэкономических интересов.

Ключевые слова: этногенез тюркских народов, историческая родина, история миграций, евразийское пространство, культурные обмены, современные регионы расселения, взаимные отношения, этнокультурное влияние.

Кіріспе

Түрік халықтары қоныстануы бойынша әлемде өте кең кеңістікті алып жатқан байырғы халықтардың бірі. Бойлық бағытта Шығыс Еуропадан батыста ұлы Қытай қорғанына, ал ендік бағытта Орталық Ираннан Солтүстік Мұзды мұхитқа дейінгі ұшы-қиырсыз өлке түрік халықтарының байырғы атамекендері саналады. Географиялық аймақтар бойынша, Орталық және Кіші Азия, Орталық және Солтүстік Иран, Сыртқы Кавказ, Каспий теңізінің айналасы, Тянь-Шаньның арғы жағындағы Шынжаң ауданы, Ресейдің батысынан солтүстік Сібірге дейінгі өңір тұтас-тай түрік халықтары мекендеген аймақтар саналады. Қазіргі кезде түрік тілдерінде сөйлейтін Түркия, Әзірбайжан, Солтүстік Кипр, Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстан қатарлы елдер бар. Бұлардан тыс, құрамында түрік тілді халықтар жиі қоныстанған, Ресей, Қытай, Иран, Моңғолия, Ауғанстан, Ирак, Тәжікстан, Болгария, Босния және Герцеговина, Грузия, Греция, Румыния, Литва, Үндістан мен Пәкістанда және соңғы өнеркәсіптік миграцияның салдарынан Батыс Еуропаның бірнеше елі жатады. Бұлардың ішінде Ресей Федерациясының құрамындағы түрік халықтарының саны мен географиялық ортасы ауқымды. Олар: Башқұртстан, Татарстан, Чувашия, Хакасия, Тыва, Саха, Алтай Республикасы, Қабардин-Балқария, Қарашай-Шеркесия. Одан кейінші жерде Қытай құрамындағы Шынжаң өлкесі, Украина құрамында болған, 2014 жылы Ресей аннексиялап алған Қырым татарларының отаны – Қырым Автономиялық Республикасы бар.


Түрік халықтары – түрік тілдері жүйесінде сөйлейтін, тарихы мен мәдениеті жақын халықтардың жалпы атауы. Қазіргі таңда түрік тілдерінде сөйлейтін халықтардың (ұлттар мен ұлыстардың) саны шамамен 40 шақты. Алайда, күні бүгінге дейін түрік халықтарының саны туралы нақты мәлімет жоқ, тек әртүрлі болжамдар ғана бар. Біршама жиі айтылатын болжам 200 млн адамға жуық деп санайды. Түрік тілдес халықтардың саны да әртүрлі. Олардың ішінде халық саны жағынан басым ұлттар қатарына: түріктер, әзербайжандар, өзбектер, қазақтар және ұйғырлар мен түрікмендер жатқызылады. Олар жалпы түрік халқының 70–80 пайызын құрайды (Дандай Ысқақ, 2022). Тарихқа көз жіберсек, «түрік» сөзінің ежелгі тарихи атау екенін білеміз. Ол – біздің дәуіріміздің VI ғасырынан бастап, тайпа атауы сипатында қытайдың ескі жылна-

маларында хатқа түскен. Алайда, түрік тайпаларының одан бұрында өмір сүріп келген ежелгі халық екені даусыз. Орта ғасырлық қытай жылнамалары бойынша Солтүстік Вэй әулеті (北魏 Běi wěi, 386 – 535 жж. дәуірленген) Солтүстік Қытайда қоныстанған көшпелілердің арасынан шыққан әулет болатын, олардың құрамында түріктер де болған (Досманбетов, Б. С., 2015:1–6). Бұдан сырт, «түрік» этнонимін басқа да байырғы қытай жылнамаларынан табуға болады. Мысалы, Цзинь әулеті тұсында, анығын айтқанда б.д.д. 287 жылғы «Цзинь әулетінің тарихында» (晋代史 Jin dài shǐ. Бұл хандық 266–420 жж. дәуірленген), бірқатар тайпалардың тізімі көрсетілген, соның ішінде «аса қадүдіретті және күшті» деп «ту-гэ» тайпасы аталады. Бұл «ту-гэ» атауы қытайдың «Ту Гуо» сөзінің фонетикалық өзгерісінен туындаған сөз болуы мүмкін. Себебі ескі қытай жазбаларында «土国 (tǔguó – ту гуо)» сөзінен алынған деуге негіз бар. Қытайдың ең ертедегі патшалықтарының бірі – Шаң (商 - shāng - сауда). Бұл патшалық б.з.д. XXVII ғасырдан, б.з.д. XXI ғасырға дейін жалғасқан мемлекет (徐义华, 2008). Патшалықтың атауы да қытайдың сауда деген сөзімен «商 – shāng» таңбаланған. Бұл Қытай тарихындағы жазба мәдениеттің басында тұрған ел саналады. Қытайдың жазба тарихын қалыптастырған ең алғашқы әулет, бұл әулеттің жазбалары Қытай тарихының сенімді дерек көздері саналады (宋镇豪, 2010:143).

Шаң мемлекеті – қытай халқының атамекені саналатын Сары өзеннің (黄河 huánghé – сары және өзен деген екі сөзді білдіреді. Өзен Қытайдағы 4 үлкен үстірттің бірі – Сары топырақты үстірттің шығыс, солтүстік және батыс жағын айнала шайып аққандықтан өзен суының құрамындағы лай-батпақ мөлшері шамадан тыс жоғары болуына орай сары өзен аталған. Қ/С) орта және төменгі ағысындағы Орта жазық аймағын мекендеген. Қытай елінің тарихи-мәдени және саяси көзқарасы бойынша барлық аспан астындағы этникалық топтар бір-бірімен бейбітшілік негізінде өмір сүру керек. Ол үшін азсанды халықтар қытайларға бойұсыну негізінде бейбітшілікті сақтау ұсынылады. Бұл «Хуа И доктринасы» (华夏, мұндағы 华 Хуа – қытайлардың өзін білдірсе, 夷 И – қытайлардан өзге халықтар, ұлыстар мен ұлттарды меңзейді) (Д.Мәсімханұлы, Н.Мұқаметханұлы, 2024:384). Осы ұстанымының басында тұрған Шаң елі өздерінің батыс-солтүстігіндегі тайпалық мемлекеттерді 土国 (Tǔ guó – түріктер мемлекеті) немесе 土方 (Tǔ fāng - түрік жақ) атаған және олардың қуатты ел

екені, алайда сонау У Дин (武丁-wǔdīng) патша тұсынан (б.з.д.1250–1192 жылдар 59 жыл патша болған адам Қ/С) Шаң дәуіріне дейін оларды жаулап алу мемлекеттің ең басты нысанасы болғандығы айтылады. Удин заманында оларды ығыстырып, олардың жеріне «唐-таң» қаласын салған сол арқылы түрік жұртын басқарып, бақылап отырған. Одан кейін ұзақ уақыт олар бас көтермеді. Алайда соңында олар қайтадан бірлесіп күшті мемлекетке айналды делінеді (胡厚宣, 胡振宇, 2003: 41-52). Ал А.Н. Кононовтың айтуынша «түрік» сөзі «күшті», «мықты» дегенді білдіреді (Кононов А.Н., 1949:4). Демек, сол тайпаның түрік тайпасы екені анық. Ал осы тайпаның батысында қоныстанған тағы бір тайпа туралы ежелгі қытай шежірелерінде олардың Шан әулетінің батыс шекарасын жиі бұзып, егістіктер мен дәнді дақылдарды тонап кететіні және оларға қарсы соғыс ұйымдастырғаны сондай-ақ олардың Шаң елімен көрші отырған түрік жұртымен тізеқоса отырып, Шаң еліне қауіп төндіргені айтылады. Шаң әулетінің ескі сүйек жазуларында бұл ұлыстың аты «𠂇方..... fāng -жақ» деп атаған. Алайда күні бүгінге дейін, қанша ғасыр өтседе, қытайдың ғалымдары мен ақын-

жазушылары осы «𠂇» иероглифін оқи алмай келеді. Оны иероглифтердің қосылып жазылуына байланысты «албасты» деп оқитын, немесе «жылқы үстіндегі адам», болмаса «qiong» деп те оқитындар бар. Ал бұл «qiong» қытай тарихындағы ғұндарды «匈奴-Xiōngnú – жабайы күл» дегендегі «𠂇 Xiōng» дыбысымен ұқсастығына байланысты және оларды ғұндар деп түспалдауға болады. Бұл дәйектемелер ежелгі дәуірдегі түрік халықтарының қытаймен (Орта жазықпен) қоныс отырғанын, демек, ұлы Қытай қорғаны соғылғанға дейін бір географиялық аймақта өмір сүргенін әйгілейді. Кейін Қытай тарихындағы Чуньцю (春秋 chūnqiū «Көктем және күз» б.з.д. 770 – 476 жж) және Чжаньго (战国/zhànguó «Жауласқан патшалықтар» б.з.д. 475 – 221 жж) заманында басы бірікпей, бір-бірімен қырқысып өмір сүріп келе жатқан шағын патшалықтар ортақ жаулары – ғұндар мен дунхулар сияқты көшпелі тайпалардан қорғану үшін өз шекараларында қорғаныс қамалы ретінде Қытай қорғаны тұрғыза бастады. Сондықтан түріктердің шығыста Қытай қорғанынан бергі аумақты алып жатқан алып территориясы болған деген сөзімізге осы дәлел болады.



1-сурет – Қазіргі Қытай территориясы Шаң патшалығы – Орта жазық өңірі
(<https://www.researchgate.net/figure/Geographic-location>, 2022)

Түрік тілдес халықтарды зерттеудің бастамасы ретінде олардың өмір сүрген ортасын зерттеудің маңызы зор. Ал түріктердің тарихи отаны туралы зерттеулер, тек этнологиялық және тілдік зерттеулермен ғана шектелмейді, оған археологиялық және мәдени аспектілерді зерттеуде қамтылады. Сондықтан тарихи отанды зерттеу – көп түрлі факторларды жалпы беттік қарастыру болып табылады. Түріктердің ежелгі ата-қонысы саналған Алтай өңірі мен ежелгі қырғыз даласы туралы айтқанда, этнологтар мен мәдениеттанушылар бұл аймақтың Түріктердің ата мекені болуы мүмкін екендігін жоққа шығармайды. Мысалы, Алтайдағы жергілікті тұрғындардың мәдениеті, тарихы, тұрмыс-тіршілігі жалпы түрік дүниесінің ортақ құндылықтарымен астасып жатыр. Сонымен қатар, тілдік зерттеулер бойынша, түрік тілдерінің географиялық таралуы мен олардың Орталық Азиядағы басқа халықтармен жасайтын айырмашылығы мен ұқсастығын қарастырғанда тілдік ерекшелік бойынша алтайлықтармен ұқсас тұстарының барлығы анықталып отыр. Бұдан тыс, археология мен генетикалық зерттеулерде түрік халықтардың ертеде Орал және Алтай аймақтарынан тыс жерлерде де кең таралғанын көрсетеді. Бұл түрік тілдес халықтарының даму тарихында ертеден көші-қоны мен географиялық қоныстану аймағының кең екенін түсіндіреді. Бұл үдеріс түрік тілдес халықтардың атамекенінің географиялық ауқымы тек Алтай мен Орал өңірімен ғана шектеліп қалмайтынын аңғартады. Көші-қон әсерінен түріктердің әртүрлі географиялық аймақтарда қалдырған іздері олардың кең таралғанын, мәдениеттерінің бұрыннан өзге әртүрлі халықтармен араласуы нәтижесінде түрленіп, байып отырғанын әйгілейді. Сондықтан түрік халықтарының ата мекені, қоныстану географиясы туралы зерттегенде тарихи, этнологиялық және археологиялық зерттеулерді басты назарға алу керек.

Ежелгі және орта ғасырдағы Азия халықтарын зерттеген немістің Шығыстанушы ғалымы Юлиус Генрих Клапрот өзінің «Tableaux Historiques De L'Asie (Азияның тарихи атласы)» атты французша жазылған үлкен еңбегінде түріктер туралы былай деп жазады: *Олар әлемде кең таралған халық. Олардың мекені оңтүстік-батыста Адриат теңізінің жағасынан бастап, солтүстік-батыста Лена өзенінің Мұзды мұхитқа құяр сағасына дейін созылып жатыр. Түріктердің әуелгі атажұрты – қар жамылған Алтай таулары, одан оңтүстік-шығыс және*

солтүстік-батысқа қоныс аударып, қазіргі қытайдың Чанси және Ченси провинцияларының солтүстігіне қоныстанды (Juious Von Klaproth, 1826:336). Бұл дерек те ежелгі бабаларымыздың мекенінің Алтай таулары аймағы болғанын растайды.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Түрік халқының тарихи отаны туралы зерттеу еңбектерінің басында ежелгі Қытай деректерінің, жылнамаларының орны бөлек. Мақалада тарихшы, ескі сүйек жазулары мен ескі мәтіндерді оқудың маманы Сонг Чжэнхао (宋镇豪 – SòngzhènHáo) бастаған ғалымдардың «Шан Әулетінің тарихының қысқаша мазмұны: Шан Әулетінің Тарихы 1-Том» еңбегінде Шаң әулетінің (商 – shāng, б.з.д. XVII–XII ғасыр) Қытай жазба мәдениеті қалыптасуының түп-төркіні екендігі және сол кездегі жазбалардың тарихи шынайылығының жоғары тұратындығын дәлелдесе, Шаң дәуірінің сүйек жазуын зерттеген тарих ғылымдарының докторы, профессор Сюй Ихуаның (徐义华 – xúyì huá) «Шаң патшалығының бағынышты халықтарды басқару стратегиясы» еңбегінде байырғы түрік халықтары туралы алғашқы мәліметтер беріледі. Тарихшы ғалымдар Ху Хусуань мен Ху Женью (胡厚宣, 胡振宇 Hú Hòuxuān Hú Zhènyǔ) бірлесіп жазған «Қытай тарихын зерттеулер сериясы: Шаң дәуірі» еңбегінде көшпелі түрік тайпаларының қытайдың ертедегі патшалықтарына тигізіп отырған залалымен, оған қарсы қытай әулеттерінің соғыстары мен жаулап алған жерлеріне тұрғызған қалалары туралы мәлімет береді. Түрік халықтары және олардың қоныстанған аймақтары мен шаруашылық, әлеуметтік жағдайы, этникалық құрамы туралы еңбек жазған Батыс ғалымдарының еңбектері бір төбе. Соның ішінде Клапроттың (Юлиус Генрих Клапрот, неміс Шығыстанушысы, саяхатшысы және полиглоты) «Tableaux Historiques De L'Asie (Азияның тарихи атласы)», Хаммер (Йозеф фон Хаммер-Пургшталь, австриялық шығыстанушы тарихшы және дипломат, шығыс әдебиетінің зерттеушісі), «Geschichte des osmanischen Reiches» (Осман империясының тарихы) және «Türkische Bibliothek» (Түрік кітапханасы) атты еңбектері түрік әлемінің келесі кезеңдерін зерттеуде маңызды орында тұрады. Вильгельм Шотттың (неміс шығыстанушысы, филологы 1802–1889) «Түрік халықтарының мәдениеті мен тарихы» атты еңбегінде Түркия және өзге түрік халықтарының мәдениеті мен та-

рихына қатысты маңызды дереккөздер ұсынды. Әсіресе, түрік халықтарының дәстүрлері, әлеуметтік құрылымы және әдебиеті туралы зерттеулері маңызды. Оның «Über die ächten Kirgisen» атты еңбегін қырғыз және қазақ халықтарының тарихына қатысты мәліметтер бар. Жалпы түрік қағанатының құрылу тарихы мен олардың көші-қонына қатысты Сингапурлық ғалым Н.К. Chang-ның «Түрік тілдес халықтардың батысқа қоныс аударуы» атты еңбектері мен түрік ғалымы Ahmet Ardelдің «Түрік әлемінің тарихи-географиясы» еңбектері сондай-ақ қырғыз ғалымы Асылбек Омаров, «Аттила» атты тарихи деректі зерттеулері, Ерзат Кәрібайдың «Моңғол империясы дәуіріндегі халықтар иммиграциясы» қатарлы еңбектер қарастырылды. Бұлардан бөлек түрік халықтарының мәдениеті, саясаты туралы жазылған шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми жұмыстары пайдаланылды.

Мақалада түрік халықтарының генетикалық ерекшелігін зерттеуге қатысты неміс ғалымдары В. Pakendorf, А. Rodewald және орыс ғалымы V.A. Spitsyn-тың зерттеулері де қарастырылды. Бұл тарихи-географиялық мақала үшін генетикалық зерттеулер арқылы халықтың таралу және араласу үдерісін зерттеуге қолайлы болды. Мақаланың мазмұнына және ауқымдылығына байланысты жан-жақты қамтамасыз ету үшін бірнеше зерттеу әдістерін қолдануға болады. Олардың қатарына «Тарихи-мәтіндік талдау» әдісін жатқызамыз. Ол үшін «Бастапқы Дереккөздер» негізінде тарихи құжаттарды, көне мәтіндер мен жазбалар зерттелді. Мәселен, ежелгі Қытай мен Еуропадағы, Осман империясы және Орталық Азиядағы, Таяу Шығыстағы және басқа өркениеттердің жазбалары қарастырылды. «Географиялық және экологиялық зерттеулер» барысында түрік тілді халықтардың көші-қон жолдарын анықтау үшін карталар, суреттер мен географиялық деректер зерттелді. Бұл көші-қон кезінде климаттың өзгеруі, ресурстардың қолжетімділігі және географиялық кедергілер сияқты қоршаған орта факторлары маңызды рөл атқарғанын аңғарамыз. «Генетикалық және антропологиялық зерттеулер» әдісі ДНҚ талдауы негізінде қазіргі зерттеулерде генетикалық зерттеулер түрік популяциялары мен диаспора қауымдастықтарындағы генетикалық маркерлерді зерттеу арқылы тарихи көші-қон заңдылықтарын аша алады.

Түрік халықтары кең аумақтарға қоныс аударған сайын, Орталық Азиядан Қытай, Ресей мен Еуропаға дейін, әртүрлі экологиялық жағ-

дайларға бейімделу барысында үлкен өзгерістер болды. Бұл бейімделулер физикалық белгілермен ғана емес, сондай-ақ тамақтану, киім-кешек және өмір салтына байланысты мәдени тәжірибелерде де көрініс тапты, бұл өз кезегінде физикалық дамуға әсер етті. Көшпелі Түрік халықтары туралы зерттеулер, соның ішінде Ғұндар мен Скифтер, олардың сүйек қалдықтары бойынша жиі мықты және спорттық дене құрылымына ие болғанын көрсетеді, бұл ат үстінде жүру мен соғысу үшін қажетті дене бітімін көрсетеді. Ұйғырлар мен Қараханидтер сияқты Орталық Азиядағы Түрік халықтары физикалық ерекшеліктердің әртүрлілігін көрсеткен, олардың еуропалық және моңғолдық физикалық белгілерінің араласуы аймақтағы этникалық қарым-қатынастардың әсерінен болғаны анықталды. Алтай аймағының қабірлері бойынша зерттеулер моңғол және еуропаидтық белгілердің араласқанын көрсетеді, бұл Түрік топтарының аймақтағы басқа ежелгі популяциялармен араласуының нәтижесі болуы мүмкін.

Бұл мыңдаған жылдар бойы халықтардың қозғалысын бақылауға көмектеседі. Бұлардан басқа «салыстырмалы талдау» әдісі арқылы түрік халықтарының көші-қонын басқа халықтардың көші-қонымен салыстыру арқылы көші-қон себептері мен заңдылықтарына талдау жасау. Осы әдістерді біріктіре отырып, мақала түрік тілді халықтардың көші-қонының тарихи, географиялық және мәдени өлшемдерін жан-жақты зерттеуді ұсына алады. Әрбір зерттеу әдісі олардың көші-қоны мен қоныстануы туралы әңгімені байыта отырып, олардың уақыт пен кеңістіктегі қозғалысын бақылауға көмектесетін бірегей түсініктерге ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері

Түріктердің ежелгі тарихи қоныс аударулары мен географиялық таралуы, мәдени және тілдік ерекшеліктерге бөлінуін көптеген кезеңдер бойынша зерттеушілердің пікірлері мен археологиялық деректер арқылы бірқатар болжамдар жасауға болады.

Түрік халықтарының арғы тегі арийлер болып саналатын б.з.д. III мыңжылдықтың басында олардың Қазақстан мен Орталық Азия жерінде, төменгі Еділ мен Алтайда, Батыс Сібір мен Шығыс Азияда алтайлық тайпалардың өмір сүргендігі мәлім. Б.з.д. II мыңжылдықта оларға арийліктер келіп араласа бастады. Ал арийлер қазіргі Иран жерінен Алтайға қоныс аударған болатын.

Олардың қоныстанған жеріне қарай Енисейде Андрон елді-мекеніне байланысты олар туралы андроновтар мәдениеті қалыптасты. Кеңес ғалымдары жылдан артық зерттеулерінің нәтижесінде олардың мекенін тапқан. Қоныстану аймағы өте кең болған, мысалы, Батыс Сібір, Енисей аңғарынан сырт, Төңіртаулары, Тәжікстан, Ауғанстан, Пәкістан жерлерінен де оларға тән мәдениеттер кездесіп отырған. Бұл түріктердің ежелгі тегі саналатын алтайлықтар мен арийлердің көші-қоны мен қоныстанған географиялық аймағының тым кең екендігін көрсететін тағы бір маңызды факт саналады.

Түрік халқының шығу тегі мен салт-дәстүрлері ғылымда аз зерттелген тақырып. Оның толық зерттелмегендігі сол кездегі ғылыми базаның әлсіздігінен ғана болған жоқ, көптеген ғалымдардың сынаржақты көзқарастарының да әсері болды. Мысалы, 1960 ж. археолог С.С. Черников табылған археологиялық ескерткіштерге сүйене отырып, Мәскеуде «Қола дәуіріндегі Шығыс Қазақстан» атты кітабын жарыққа шығарды. Кітапта бұрыннан парсы тілді халықтар мәдениетіне теленіп келген «андронов» мәдениетінің түріктерге тән екенін дәлелдеді. Алайда, бұл көзқарас сол кезде қатты сынға ұшырады (Кляшторный С.Г., 1964:5). Міне, осындай фактілер сол кездерде түрік халықтарына деген көптеген ғалымдардың теріс сынаржақты көз қараста екенін көрсетеді. Осындай ғылыми пікірдің әлемдік кеңістікте орнығуы түріктердің адамзаттың дамуындағы зор өркениеті мен мәдениетін терістеп келді. Кеңес Одағының ыдырауымен түрік тілдес елдердің тәуелсіздік алуы және олардың жерінде ашылған тың археологиялық тарихи жаңалықтар дүниежүзі ауқымында түрік мәдениетіне деген қызығушылықты қайтадан жандандырып, тарихи шындыққа бет бұруға мүмкіндік берді.

Ғылымда түрік жұртшылығы ең әуелі қазіргі Моңғолияның солтүстік-батысында Тува Республикасымен шекаралас маңынан басталатын Енисей өзенінің жоғарғы ағысында тіршілік етті деп санайды. Сол тұстағы Қытайдың ескі тарихи жазбаларында түрік тайпаларының тілдерінің бір-біріне өте жақын екендігі және сол жақындыққа қарамастан, тайпалар арасында қақтығыстар мен соғыстардың жиі орын алып тұратындығы, сондай-ақ құрған одақтарының негізінің әлсіз және тез өзгеріске ұшырап отыратынын алайда, 552 жылы ру-тайпалар күш біріктіріп, Түрік қағанатын құрғандығы туралы естеліктер жазылған. [Chang, H. K., 2023]. Осы

жазбаларға қарағанда, түрік халықтарының арасында ауыз біршіліктің әлсіздігі сонау ықылым замандардан қалыптасқан әдет болуы мүмкін деген күдікке жетелейді.

Еуропалық авторлардың ішінде Клапроттың 1826 жылы Парижде, француз тілінде жарық көрген «Tableaux Historiques De L'Asie (Азияның тарихи атласы)» еңбегінде былай деп жазады: *«Грек және Рим авторлары бізге ежелгі Азияда Үнді және Оксусқа (Әмудария) дейін аймақта болған оқиғалар туралы ғана ақпарат береді. Алайда, осы екі ұлы өзеннің солтүстігіндегі елдерде болған оқиғалар мен саяси өзгерістер жөнінде берері мардымсыз. Себебі, бұл аймақтар олар үшін белгісіздік мекені болды. Сондықтан ежелгі дәуір тарихшыларынан Орталық және Шығыс Азия тарихы туралы нақты ештеңе таппаймыз. Ал араб және парсы тарихшыларының да жазбаларынан Азияның ішкі аймақтарының ежелгі жағдайы мен оның тұрғындары туралы ақпарат тым мардымсыз. Десе де, біршама сенімді дереккөз – Қытай жылнамаларының жинағы. Кең байтақ жерді иеленген Қытай мемлекеті өз тарихын жазумен бірге, солтүстік пен батыстағы көршілес және өз территориясына басып кіруді жалғастыратын варварларды жазуға мәжбүр болды. Әсіресе, қытайлықтардың Орта Азияға бағыттаған бірнеше рет жасаған жаулап алу жорықтары оларды аймақ пен оның түрлі бөліктері мен ондағы өмір сүрген халықтар туралы біршама білімге ие етті»*. Немістің Шығыстанушысы, саяхатшысы әрі полиглоты саналатын Юлиус Генрих Клапроттың бұл жазбаларынан түрік халықтарының тарихына қатысты ең көне және сенімді материалдарды тек қытайдың тарихи жазбаларынан табудың маңыздылығы сөз болып отыр. Бұл ұсыныс бүгінгі күнде де өзекті тақырып. Біз 1991 жылы тәуелсіздік алғалы ғалымдарымыз қытайдың тарихи архивтеріне барып, еңбектеніп, қытайдың тарихи жылнамалары мен дереккөздеріне сүйене отырып, біршама қазақ және түрік халықтарының тарихына қатысты материалдарды елге жеткізді және кітап етіп шығарды. Алайда, қытай архивтеріндегі жазбалар әлі де толық бізге ашылған жоқ тіпті қытайлық тарихшылардың да қарауына рұқсат етілмейтін дүниелер бар. Оған ескі қолжазбалардың құндылығы мен саяси факторлардың да әсері бар. Сондықтан мемлекет деңгейінде әлі де келісімдер жасап, ақтарылмаған архивтерді жалғасты зерттеудің маңызы ерекше.

Түріктердің географиялық қоныстануында олардың Шығысқа және Батысқа қарай жылжуының маңызы зор болды. Түріктердің түрлі тайпалары мен этникалық топтарының қозғалыстары ежелгі кезеңдерде Шығыс Сібірге дейін жеткені туралы айтылады. Якуттар мен басқа да түрік тілдерінде сөйлеуші тайпалар өздерінің ежелгі отандарынан бөлек аймақтарға жылжығаны белгілі. Якуттардың тілі өзге түрік тілдес халықтардың арасында ең көп өзгеріске ұшыраған диалектілердің бірі. Бұл айырмашылық олардың генетикалық тұрғыда да өзге түрік халықтарынан айырмашылығын көрсетеді. Генетикалық зерттеулер сахалардың буряттарға (әсіресе батыс буряттарына), моңғолдарға және эвендерге жақын туыстығын көрсетсе, түрік тілдес Алтай мен Тува популяцияларымен генетикалық арақашықтық үлкен болған (B. Pakendorf, V. A. Spitsyn and A. Rodewald, 1999: 231–244). Аталмыш зерттеудің нәтижесі бойынша еуропалық нәсілдік генофонд таулы аймақтарда барынша жақсы сақталған. Ал ерте еуропалық, солтүстік еуропалық және Орталық Азиялық (оңтүстік моңғолоид) генофонд жазық немесе тау етектерінде жақсы сақталған. Алайда, қырғыз халқы екі түрлі генофондтан құралады: бірі Памирлік биік таулы, екіншісі Тянь-Шань тауларындағы қырғыз генофонды. Моңғолдық генофонд Памирлік кеңістікте жақсы сақталған. Бұл таулы өңірдің генофонд өзгерісіне қарсы тұрудағы «кедергі» рөлі деп қарауға болады. Осылайша, географиялық және генетикалық кеңістіктегі ықшам орналасуынан айырмашылығы, ірі этникалық қауымдастықтардың – шорлардың, хакастардың, алтайлардың, қырғыздардың және қазақтардың еуразиялық генофондтары әртүрлі позицияларды иеленеді. Ең кереметі – олардың генофондтарының алуан түрлілігі болып табылады.

Ежелгі түрік халықтарының қозғалыстары мен олардың географиялық таралуын зерттеу өте күрделі, себебі бұл процестер мыңдаған жылдар бойы жалғасқан және көптеген факторлар әсер еткен. Түріктердің әртүрлі аймақтарға таралуы олардың мәдени, тілдік және этникалық ерекшеліктерін айқындап, қазіргі түрік халықтарының түрлілігі мен бай мәдени мұрасының қалыптасуына әсер етті. Түрік халықтарының қозғалыстарының кейбір ерекшеліктері мен тарихи мәліметтерін қарастыратын болсақ, төмендегідей бірнеше басты бағыттарын айқындауға болады:

1. Түрік тайпаларының батысқа қарай жылжуы. Әсіресе Еділ өзенінің маңындағы жазықтарға дейін жетуі олардың тарихи қозғалыстарының тағы бір маңызды кезеңі болды. Ғалымдар бұл қозғалыстың бағыты Месопотамия жазығы мен Иран үстірті арқылы таралған болуы мүмкін деп болжамдайды. Қалай болғанда да, түрік тайпаларының Батыс өңірлерге жету тарихи қозғалысы көптеген этникалық және мәдениаралық қарым-қатынастардың қалыптасып, дамуына игі әсер етті деп бағалауға болады.

2. Үнді-Ганг жазығы мен Пенджаб аймағына бағытталған қозғалыстары. Түріктердің бұл аймаққа келуі бұл жердің өзен суы мол, жері жазық әрі құнарлы болуымен байланысты. Себебі Пенджаб деген парсы тіліндегі жер атауының қазақша мағынасы – «бес өзен, бес су» дегенді білдіреді. Бұл қозғалыс Үндістан мен Түрік әлемі арасындағы алғашқы байланыстардың бастауы ретінде қарастырылады.

Ғұндардың Еуропаға таралуы. Еуразия даласының тарихындағы ғұндар тек көшпелі өркениеттің өкілі ретінде ғана емес, тұтастай құрлықтағы тарихи даму өзгерістерінің себепкері ретінде танылды. Олар көршілес мемлекеттерге әсер етіп қана қаймай, өзінің ізін барлық Еуразия даласына қалдырды. Ғұндар (375 жылдан кейінгі уақыттарда) Еуропаға келген кезде, олар үлкен этникалық және мәдени өзгерістерді ала келді. Ғұндардың ұлы көші-қоны, әсіресе Ақ Ғұндардың (5-6 ғасырда Орта Азия, Ауғанстан, Пәкістан, Солтүстік және Батыс Үндістан, Шығыс Түркістанның бір бөлігінде пайда болған жауынгер көшпелі тайпалардың мемлекеттік бірлестігі. Қ/С). Оларды үнді тарихи жазбаларында «эфталиттер» деп атады. Оның себебі үнділер Батыс және Шығыс ғұндарын шатастырып алмау үшін атаған болуы мүмкін. Ақ ғұндар Солтүстік Үндістанға қоныс аударуы маңызды тарихи оқиғаларға жататын еді. Ақ ғұндар мемлекеті түрік тілінде сөйлегенімен, олардың құрамында парсы тілді тайпалар көп болған (Асылбек Омаров, 2015:266) Ғұндардың ерте орта ғасырлық Еуропаның халықаралық қатынастарындағы, тарихи, саяси, тіптен мәдени өміріндегі рөлі, ықпалы ерекше болды. Олар Еуропа тарихшылары жазғандай «жабайы», «тағы» емес керісінше мәдени және саяси саладағы биік деңгейге ие халық екенін көрсетті. Жинақтай айтқанда бұл кезеңдер түріктердің әлем картасында кеңінен таралғанын және олардың мәдени және саяси ықпалының күшті болғанын дәлелдейді.

Оғыздардың қозғалысы. IX-X ғасырларда Сырдың орта, төменгі ағысында, сонымен қатар Батыс Қазақстанды да қоса алғандағы аса үлкен аумақта оғыз тайпаларының саяси бірлестігі құрылды. Оғыздарда мал және егін шаруашылығы қатар дамығандықтан, сауда, қол өнер саласы да өркендеп, Жент, Сауран, Қарнак, Сүткент, Фараб, Сығанақ қатарлы қалаларының қалыптасып дамуына негіз қалады. Оғыздардың Орхун аймағынан Сейхун өзенінің жағасына дейін таралуы кейін Мавераннехир мен Иранға, соңында Анадолыға дейін қозғалысы олардың үлкен миграциясын көрсетеді. Оғыз мемлекеті Еуразияның саяси және әскери тарихында маңызды орнға ие болды. 965 жылы олар Киев Русымен одақтасып, хазар қағанатын талқандады. 985 жылы оғыз жабғысы орыс кінәздарымен бірлесіп Еділ Булғариясын талқандады. Осының бәрі оғыз мемлекетінің саяси күш-қуаты өсуіне әсер етті (Оғыз мемлекеті, 2022: <https://e-history.kz>). XI ғасырда Оғыздардың Анадолыға қоныс аударуы түрік халықтарының Батысқа қарай жылжу процесінің бір бөлігі ретінде маңызды тарихи кезең болды.

Қыпшақтар мен Оғыздардың Еуропадағы қозғалыстары. Қидандардың күшеюіне байланысты хун (куман)-қыпшақтар Алтайдан батысқа қарай үдере көшті, олардан ығысқан оғыздар батысқа қарай жылжып тіпті Анадолыға дейін жетті. Осы қоныс аударудан кейін қазіргі Моңғолия жерінде түрік тілдес тайпалар саны азайып, керісінше моңғол тілдес тайпалар саны арта түскен. IX–XI ғасырлар аралығында Қыпшақтар мен Оғыздар Каспий теңізінен Солтүстік Кавказға, содан кейін Еуропа мен Балқанға қарай жылжыды. Бұл халықтардың қозғалысы Солтүстік Еуропа мен Батыс Азияның саяси және мәдени тарихында маңызды із қалдырды (Ерзат Кәрібай, 2024).

Ұйғырлардың Азияның ішкі аймақтарына қоныс аударуы. Ұйғырлар Орхун өзені аймағынан 840 жылдан кейін Азияның ішкі аудандарына дейін сұғына өрістеді. Бұл түрік халықтарының маңызды бір үлкен көші-қоны болып табылады. Ұйғыр Қағанаты (744–840 жылдар) қырғыздардың соққысынан ыдырап, бір бөлімі қытайдың солтүстігіне, сол кездегі Таң империясының қол астына, енді бір бөлегі Моңғол даласына тарыдай шашырап кетті. Осы орайда, тарихшылар арасында әлі күнге дейін талас тудырып келген: «Бүгінгі ұйғырлар сол ертедегі ұйғырлардың жалғасы ма?»— деген сұраққа аз кем тоқтала кетейік. Ортағасырдағы осы ұйғырларды қазіргі ұйғырлардан бөліп қарастыратындардың көзқарасына

тоқталар болсақ, олардың атау ұқсас болғанымен, 1200 жылға созылған үзіктер оларды тарихи және лингвистикалық тұрғыда жақындайтпайды әрі ұйғыр қағанаты манихей дінін қабылдаған, ал қазіргі ұйғырлар мұсылман деп қарайды. Бұл туралы тарих ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынхан Зәкенұлы былай деп жазады: *ұйғыр ту ертеден өз алдына жеке-дара дамыған этнос емес. Ең әуелі ол тұтас түрік қауымының бір бөлігі ретінде қалыптасқан. Түрік қағанатын құрушы түріктер түріктің ашына тайпасынан шықса, ұйғыр қағанатын құрушы ұйғырлар түріктің ялақар тайпасынан шыққан. 745 жылы ұйғырлар түріктердің үстемдігін аударып тастап, Орхон ұйғыр мемлекетін құрған кезде негізгі билік ашына ақсүйектерінен ялақар ақсүйектерінің қолына көшкен ... бұдан бұрынғы “ұйғыр” сөзі ең алдымен анағұрлым көп этностардың бірлестігі—конфедерациясы деген ұғымда қолданылса кейінгі кезеңде халық бөз-баяғыдай «ұйғыр» атын малданып қала берген* (Тұрсынхан Зәкенұлы, 2009).

Түріктердің тарихи көші бұлармен шектелмейді. Одан кейінгі дәуірлерде де өз жалғасын тауып отырды. Ол көштер түрік әлемінің өз ішінде болса да, тыс аймақтарда болса да жалғасып келді. Оған экономикалық, саяси, әскери және басқа да түрлі себептердің әсер еткені белгілі. Осылайша тарихқа көз жүгіртіп қарайтын болсақ, үш мың жылдан артық даму тарихында түрік халықтары үздіксіз көшіп-қонып келді. Қазір дүниежүзінің төрт бұрышында түрік халықтарының азаматтары тұрады. Ал түріктердің алғашқы тарихи отанында түрік қазақтары мен моңғол тілдес халықтар қалды.

Түрік халықтарының үздіксіз әрі кең аумақтағы көші-қоны өздерінің ішкі жағдайымен қоса, айналасындағы елдердің де күнделікті өмірі мен шаруашылығына, мәдениетіне, тіліне әсер етіп отырды. Бұл экономикалық-әлеуметтік және саяси-әскери жақтағы өзгерістері мен кездескен қиындықтарын төмендегідей бірнеше топқа бөліп талдауға болады. Мәселен, түріктердің әскери немесе саяси өмірі тұрғысынан қарастыратын болсақ, түріктер өздері қоныс аударып, жеткен жерлерде әдетте үлкен іскерлік танытып, жаңа мемлекеттер құруға қабілетті болды. Бұған олардың Египет пен Үндістанда құрған мемлекеттері дәлел болады. Жат жерге келіп ол жердің билігін өз қолдарына алып, мемлекет орнатудың өзі олардың әскери және саяси қабілеттерінің жоғары деңгейде болғанын айғақтайды. Алайда түріктердің сыртқы әлеммен байланысы әрдайым оңай бола берген жоқ. Кейде олардың

көшіп-қонуы мен ықпалы жергілікті халықтардың жағымсыз қарсылығына ұшырады. Алайда олар көптеген қиындықтарды бастан кешірсе де, әділдік пен іскерлікті басты орынға қойғандықтан жат жұрттардың қолдауына да ие болып отырды. Бұл тарихи процестер түрік халықтарының мәдени, саяси және әлеуметтік тарихының құрамдас бөлігі болып табылады. Олардың әртүрлі аймақтарға қоныс аударуы әлемдік тарихтағы ықпалын арттырды.

Түріктердің кең таралуы мен олардың жаңа жерлерге көшуінің негізінде бірнеше маңызды факторлар бар. Бұл факторлар әлеуметтік, экономикалық және экологиялық жағдайлармен тығыз байланысты болды (Ahmet Ardel, 1992:549). Түркияның әйгілі географтарының бірі Ахмет Хулуси Ардель өзінің зерттеулерінде ертедегі түрік халықтарының ұлы қоныс аударуларына байланысты өзінің көзқарастарын төмендегідей бірнеше бағыттар бойынша қарастырады:

Экономикалық және экологиялық қиындықтар. Түрік халықтарының миграцияларының негізгі себептерінің бірі экономикалық күйзелістер болды. Жер ресурстарының шектеулілігі, топырақтың құнарсыздығы, құрғақшылық сияқты табиғи жағдайлар шаруашылыққа қиындықтар тудырып, адамдардың әуелгі мекендерінде жалғасты өмір сүру мүмкіндігін шектеді. Мысалы, Хундардың көшуіне құрғақшылық пен жердің өнімсіздігі әсер еткен. Бұл жағдайлар түрік жұртын басқа жерлерге қоныс аударуға мәжбүр етті. Бұл үдеріс әсіресе IX–XI ғасырларда сауда және

басқа да экономикалық қатынастарға байланысты дами түсті.

Жаңа жерлерге қол жеткізу. Түріктер үшін жаңа жерлерге көшу қажеттілігі табиғи ресурстарға бай, тұрғындары аз, климаты қолайлы аймақтарды іздеумен байланысты болды. Бұл жаңа жерлерде жайылымдар мен су көздері секілді табиғи ресурстардың мол болуы, түріктерді қажетті азық-түлік, киім-кешек және басқа да тұрмыстық қажеттіліктермен қамтамасыз етті.

Қоныс аударудың әлеуметтік әсері. Түріктердің жаңа жерлерге қоныс аударуы әлеуметтік құрылымдарға да әсер етті. Мысалы, Селжұқтардың Анадолыға қоныс аударуы XI–XII ғасырларда орын алды. Бұл қоныс аударулар халықтың көшуі мен жаңа жерлерде өздерін бейімдеуі нәтижесінде болды. Осыдан кейін Османлылар Румелияға (Осман империясының еуропалық иеліктері сипаттайтын тарихи аймақ. Қ/С) көшіп, сол аймақта жаңа мемлекет құруға жол ашты. Бұл қоныс аударулар әлеуметтік құрылым мен мәдени дамуға үлкен әсер етті. Мәселен, Османлылар ірге кеңейтуімен ислам діні Оңтүстік-Шығыс Еуропада кеңінен тарай бастады. XVI ғасырдың ортасына қарай халықтың шамамен үштен бір бөлігі жаңа сенімді қабылдады деп есептелінсе, 1640 жылдары шарықтау шегіне жеткен. Әсіресе, Босния мен Герцеговинада мұсылмандар XVI ғасырдың аяғында немесе XVII ғасырдың басында халықтың ең көп тобына айналған аймақ болып қалыптасты (Markus Coller, 2012).



2-сурет – 1355 жылы Византия Империясы мен Османлы Түріктерінің шекарасы (<https://maps.lib.utexas.edu>)

Бұл картадан Османлылар империясының алғашқы кезеңіндегі аумақтық жағдайының тым үлкен емес екендігін көруге болады. Алайда,

жанкештілікпен күресудің нәтижесінде арада біраз жылдар өткенде бұл кеңістік барынша үлкен аумаққа айналған.



3-сурет – Османлылар империясы аумағының кеңеюі (1481–1683) (<https://maps.lib.utexas.edu>)

Картадан Осман Империясының 1481–1683 жылдар аралығында қалай кеңейгенін көре аламыз. Қаракөк түсті аймақ оның 1481 жылғы аумағын білдіреді. Ал жасыл түспен боялған өңір оның 1520 жылға дейінгі жаулап алған жерлерін көрсетеді. Қызғылт түспен көрсетілген жерлер 1566 жылға дейін құрамына кірген аймақтар, ал қоңырқай түспен көрсетілген жерлер 1683 жылға дейін бағынышты болған аймақтар. Бұл ұлы қоныс аударулардың нәтижесі ретінде бағалауға болатын жетістік деуге болады. Егер ұлы қоныс аударулар болмағанда түрік халқының табаны осындай бай аймаққа тиер ме еді?

Түріктердің жаңа жерлерде өмір сүруі. Түріктердің жаңа жерлерге көшуі кейде тек экономикалық қажеттіліктен ғана емес, сонымен қатар өмір сүру тәсілдерін жаңа жерлерде ұйымдастыру мен жаңа мәдениеттермен байланысу қажеттілігінен де туындады. Түріктердің көшіп-қонуы осы халықтардың икемділігі мен жаңа аймақтарға бейімделу қабілетінің көрінісі болып табылады.

Жаңа отан құру. Түрік халықтарының миграциялары тек физикалық көшу емес, сондай-ақ жаңа отандарын құру, әлеуметтік жүйелерін жа-

нарту мен өз мәдениеттерін сақтауға деген ұмтылысынан да болды. Олардың бұлайша жаңа аймақтарға қоныс аударуы, жаңа мемлекеттер құруы, мәдениетті таратуы түрік әлемінің кеңеюіне және дамуына мүмкіндік берді.

Жат жұрттықтардың қысымы мен тәуелсіздіктің жоғалуы. Түріктер кейде жат жұрттықтардың қысымына ұшырап, өз елінен кетуге мәжбүр болған. Мысалы, моңғолдар мен басқа сыртқы күштердің қысымынан кейін түріктер тәуелсіздіктен айырылудан гөрі, өздерінің дәстүрлі мекендерінен кетіп, басқа жерлерге қоныс аударуды жөн көрді. Бұл жағдай олардың өздерінің өмір сүру салтын сақтап қалуға деген ұмтылысын көрсетеді.

Түрік руханияты және көшіп-қону философиясының әсері. Түріктердің көшіп-қонуының тағы бір маңызды себебі – олардың рухани беріктігі мен табиғатқа деген құрметі. Түріктердің көшпелі өмір салты және қиын жағдайларға төзу қабілеті оларды жаңа жерлерді зерттеуге және кез келген қауіп-қатерге қарсы тұруға дайын етті. Бұл көшпелі мәдениет пен тұрмыс түрі Түріктердің әрқашан жаңа көкжиектерге қарай жылжуына және өз халқын қорғауға ұмтылуына мүмкіндік берді.

Жаңа жерлерде бейімделу мәселелері. Түріктердің көшіп-қону барысында жаңа аймақтарға бейімделу мәселелері туындады. Олардың мәдениеті мен өмір салты негізінен далада өмір сүрген халықтарға тән болғандықтан, олар орманды, өте ыстық және ылғалды аймақтарға көп қоныстанбаған. Сонымен қатар, шетелдік өмір салты мен наным-сенімдер үстемдік ететін аймақтарда, мысалы, Цинь мен Батыс Еуропадағы ғұндар немесе балқандағы болгарлар сияқты, түрік топтары сол жерлерде ұзақ уақыт бойы тұрақтай алмады.

Түріктердің мәдени әсері мен бейімделуі. Түріктердің бір аймақтан екінші аймаққа қоныс аударуы олардың мәдениетін тарату мен жаңа жерлерде өз мәдениетінің ізін қалдыруға мүмкіндік берді. Дегенмен, өздерінің дәстүрлі өмір салтынан тыс жерде өмір сүргенде, түріктердің мәдениеті мен өмір салты белгілі бір шектеулерге тап болды.

Қорытынды

Батыс зерттеушілері түріктердегі көшпелі өмір салтының басымдылығына байланысты, отырықшы, қала мәдениетінен тыс қалған жазба тарихы, мемлекеттігі болмаған, мәдениеті жоқ тайпалардың бейберекет жиынтығы ретінде қарастырды. Еуропа көне Орхон-Енисей, Талас түрік жазбаларымен тек XX ғасырда ғана таныса алды осылайша жазбаша дереккөздерді білмеу, түрік көшпелілерінің әскери экспансиясын еске түсіріп, олар тудырған қорқыныш пен үрей, сондай-ақ оның салдарын ғана зерделеуге жол ашты. Нәтижеде түрік әлемін XVIII – XX ғасырлардағы Батыс Еуропа зерттеушілері жабайылық пен варварлық әлемі ретінде ғылыми айналымға енгізіп жіберді. Алайда, бұл көзқарас біртіндеп өзгеріп келеді. Алайда, әлі де сол ұстанымдағы ғалымдар, тарихшылар бар. Тіпті олар өз мемлекеттерінің қазіргі геосаяси пайдасы үшін, тарихи шындықты көрсе де, көрмеске салуға дайын. Осындай саяз ойлы саясаткерлер өздерінің жеке мүддесі үшін өз жандарынан өздеріне ыңғайлы «саяси тарих» жазып, айтып оны өзге елдің егемендігіне қауіп тудырушы фактор ретінде қолданып келеді. Бұл қазіргі халықаралық, аймақаралық құбылмалы, тұрақсыз геосаяси жағдайда аса қатерлі ойын.

Түрік халықтарының билік иерархиясына көз жіберсек, оның тамыры терең әрі мығым болған. Түрік тілдес халықтар арасындағы биліктің ұйымдасуы алғашында б.з.д. 1 мыңжыл-

дықтың ортасынан бастап, XVII ғасырға дейін әртүрлі көшпелі мемлекет форматында өмір сүрген (Крадин Н. Н., 2000). Түріктер бүкіл Еуразия кеңістігінде оннан астам бастапқы империялық мемлекеттер құрды, олар өздерінің әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесі мен аумақтардың біртұтастығы бар әртүрлі халықтардың «жақсы» өмір сүруге ұмтылуында біртұтастығын қамтамасыз етті.

Батыс Еуропаның өзінің «тарихи шындығы» бойынша соңғы ғасырлардағы геосаяси кеңістіктегі үстемдігіне байланысты, «өркениет» ұғымының иесі ретінде өздерін айқындады, ал басқалар артта қалған немесе тарихы жоқ халықтар санатына сырғытылды. Алайда шынайы тарихта түрік халықтары өздері жаратқан саналуан мәдениеті мен әдемі өркениетке үлестерін қосып отырды және қосып келеді. Мысал ретінде олардың тұрғызған қамалдары мен қалалары әлі күнге Еуропада сақталып отыр. Тек қазіргі соғыс өртіне оранып отырған Украина жеріндегі түрік мәдениетінің ықпалы әртүрлі тарихи кезеңдерде әртүрлі әсерін көрсетіп отырған. Әсіресе Киев Русі, Қырым хандығы және Осман империясы кездерінде айқын көрінді. Соның нәтижесінде, ежелгі түрік атаулары мен ұғымдары Украина жерінде, оның ішінде географиялық орындар, елді-мекендер және тарихи жазбаларында өз іздерін қалдырған. Ежелгі түрік атаулары мен олардың Украина жеріндегі ықпалы туралы бірнеше мысал келтірер болсақ: Қырым атауы түрік тілінен алынған, бұл атау түрік тілінде «жарты арал» деген мағынаны білдіреді. Қырым бірнеше ғасыр бойы Осман империясының құрамында болғандықтан, оның түрік түбірі атауда сақталған. Бахчисарай: Қырым хандығының астанасы Бахчисарай атауы парсы және түрік тілдерінен шыққан, онда «бахча» – «бақша», ал «сарай» – «сарай» деген мағынаны білдіреді, яғни «бақша сарайы» деген мағынаға ие. Судак – Қырымның оңтүстік жағалауындағы портты қала. Оның атауы түрік тіліндегі «сазан» деген мағынаны білдіретін балық атауы. Бұл қала бұрын балық аулаумен аты шыққанын ескергенде амалсыз келісесің.

Әлемдегі түрік халықтарының географиялық орналасуын Махмұд Қашқаридың сөзімен тиянақтасақ: Өзім тұратын Шығыстан бастап әр түрік тайпасын ретті тәртіппен көрсеттім. Византиядан күн шығатын жерге дейін барлық Мұсылмандарды және басқаларды қарастырғанымда, Византияға ең жақыны – беженектер, одан кейін қыпшақтар, оғуздар, ямақтар, яшқұрттар,

басмилдер, одан кейін ябакулар, татарлар және соңғы қырғыздар. Қырғыздар Қытайға жақын орналасқан. Бұл тайпалардың барлығы Визан-

тия мен Қытайдың арасында қоныстанған....Бұл түрік халықтардың тарихи қоныстанған ұлан-байтақ даласын көрсетеді.

Mahmud Kashgari's Map of Turkish speaking peoples (XI century)



4-сурет – Ертедегі түрік халықтарының географиялық қоныстанған аймағы (Махмұд Қашқари картасы бойынша) (Juliboy Eltazarov, 2002)

Жалпы алғанда, түрік халықтарының әлемдік өркениет кеңістігінен кетуінің көрнекті түсі – XX ғасырдың басынан бастау алды. Сол кезде типологиялық тұрғыдан біртұтас түрік мемлекеттілігі түрік этногенетикалық субстратын мұра еткен бірқатар ұлттық мемлекеттерге ыдырап, басқару мен басқару жүйесін түбегейлі өзгертті. Бұл бір кездегі ұлы түрік өркениетінің құлдырауының басты факторларының бірі болды (Аязбекова Сабина Шариповна, 2012:<https://www.viaevrasia.com/ru>). Алайда уақыттың, геосаяси кеңістіктің өзгеруімен «Бір ұлт, алты мемлекет» ұстанымы қайта жаңғырып келеді. Соңғы жылдары Түркияның ресми билік өкілдері бұл тіркесті жиі айтып жүр. Бұған дейін Әзірбайжанға бауырластығын таныту үшін қолданылып келген «Бір ұлт, екі мемлекет» ұраны өз миссиясын атқарып тастады. Таулы Қарабақ мәселесіндегі Түркияның әскери, саяси қолдауы екі бауырлас халықты бұдан да жақындастыра түсті. Ыстанбұлда түрік елдері президенттерінің қатысуымен өткен саммит интеграциялық процестердің нығая түсуіне кеңірек жол ашқан сияқты. Ең алдымен, «Түрік тілдес мемлекет-

тердің ынтымақтастық кеңесі» өз атауын «Түрік мемлекеттері ұйымы» деп өзгертті. «Түрік әлемінің келешегі – 2040» туралы арнайы шешім де қабылданды. Түркияда 2023 жыл – «Түркия ғасыры» болып жарияланды, «Түрік ғасыры» бағдарламасының түпкі мақсаты – Түрік Мемлекеттерінің Ұйымы деңгейінде алдағы кезеңді түрік дәуіріне айналдыру үшін жұмыс жасау. Осы бастаманың аясында Түркияның Ұлттық білім министрлігі тарих пәніне түбегейлі өзгерістер енгізіп, «Орталық Азия» терминінің орнына «Түркістан» атауы қолданылатынын хабарлады. Себебі, Түркістан – түріктердің отаны деген мағынаны білдіреді, ол тарихи атау, алайда, XIX-ға-сырдың екінші жартысындағы отаршылдықтан соң Орталық Азия ұғымымен алмастырылған (Орынбақ Өтемұрат, 2024). Соңғы жылдары түрік тілдес елдердің демографиясы да қарыштап дамып, үлкен экономика, іргелі нарық болып қалыптасып келеді. Бұл түрік халықтарының тарихтағы өзінің тұғырына қайта қонуы үшін басты негіздердің қаланып жатқанын көрсетеді. Түрік халықтардың экономикалық, мәдени және әскери-саяси жақтағы өзара интеграциясы

әлемнің ешбір іргелі елдерінің қалауы емес. Түрік тілдес халықтардың басының қосылуынан күллі әлем үрейленеді. Алайда, өзгермелі геосаяси жағдайда түрік тілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы ауадай қажет. Ата-бабамыздың ержүрек, еңбекқорлығының арқасында Еуразия даласында ең ауқымды және бай өлкелерге ие болдық. Бұның ішінде ұлы қоныс аударулардың алатын маңызы зор. Егер қоныс аударулар болмаса, түрік халықтары егіншілікпен күн кешкен

халық болса, онда осыншама алып аумақты ұсына ала алмас еді.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ватиканның және Батыс Еуропа елдерінің жаңа құнды материалдары бойынша Түрік әлемінің ерте және ортағасырлық тарихы мен мәдениеті» (BR24993132) тақырыбындағы *бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру* жобасын іске асыру шеңберінде дайындалды

Әдебиеттер

- Ardel Ahmet. (1992). Turk Ulkelerinin Tabii Cografiyasi. Turk dunyasi el kitabi, Birinci Cilt, Cografiya-Tarix, Ankara–549 б.
- Аязбекова Сабина Шариповна. (2012). «Тюркская цивилизация» в системе цивилизационных классификаторов. Альманах «VIA EVRASIA» <https://www.viaevrasia.com/ru>
- Омаров Асылбек. (2015). Аттила, тарихи-деректі зерттеулер, «Алтын Бұлақ» баспасы, Бишкек, 266 б.
- Досманбетов Б. С.. (2015). Түркі халықтарының қалыптасуы / Б. С. Досманбетов. Текст. Молодой ученый. – 2015. № 19 (99). С. Т.2. 1-6.
- Pakendorf B., Spitsyn V.A. and Rodewald A. (1999). Genetic Structure of a Sakha Population from Siberia and Ethnic Affinities. «Human Biology» Vol. 71, No. 2, pp. 231-244 (14 pages)// Published By: Wayne State University Press
- Ысқақ Дандай. (2022). Жаһандану дәуіріндегі түркі әлемі. <https://turkiya.kz/02.05.2022>
- Мәсімханұлы Д., Мұқаметханұлы Н.. (2024). Қытай Компартиясының Шыңжаңдағы ұлт саясаты. Монография, – Алматы: «Қазына», 384 б.
- Кәрібай Ерзат. (2024). Моңғол империясы дәуіріндегі халықтар иммиграциясы. <https://e-history.kz/17.12.2024>
- Juious Von Klapproth. (1826). Tableaux Historiques de L’ Asie. Paris, Legare Street Press, 336 p
- Eltazarov Juliboy. (2002). Mahmud Kashgary’s map of turkic world and modern geopolitical position of turkic peoples. Turkology, Central Asia, <https://www.academia.edu>.
- Кляшторный С.Г. (1964). Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. Москва: Наука. – 214 с.
- Кононов А.Н. (1949). Опыт анализа термина «турк». Советская этнография (1), 4 с.
- Крадин Н. Н. (2000). Альтернативные пути к цивилизации: Кол. монография / Под ред. Н. Н. Крадина, А. В. Коротаева, Д. М. Бондаренко, В. А. Лыньши. Москва:Логос. 368 с.
- Markus Coller, (2012). Ottoman History of South-East Europe Published: 2012-01-10
- Оғыз мемлекеті. (2022). Қазақстан тарихы, <https://e-history.kz/19.09.2022> ж.
- Өтемұрат Орынбақ, (2024).Түркия Орталық Азияны «Түркістан» деп атауды ұйғарды, Egemen Kazakhstan, 11 қазан 2024 жыл.
- 宋镇豪. (2010). 商代史论纲: 商代史卷一//中国社会科学出版社. 10: 143. ISBN 978-7-04-028311-2
- Зәкенұлы Тұрсынхан. (2009). Біріккен Түрік қағанаты және «үйғыр» этонимі, Социально-политические и правовые проблемы образования и общества. Вестник КАСУ, №4. 228-235 б.
- Chang, H.K. (2023). Westward Migration of the Turkic-speaking People. In: Mapping Civilizations Across Eurasia. Palgrave Macmillan, Singapore. https://doi.org/10.1007/978-981-99-7641-6_32
- 胡厚宣, 胡振宇. (2003). 中国断代史系列-殷商史. 上海人民出版社. 第41-52页. ISBN 7-208-04584-4
- 徐义华. (2008). 《商王朝对外服方国的控制策略》, 《平顶山学院学报》03期
- <https://www.researchgate.net/figure/Geographic-location-2022-02-22>
- https://maps.lib.utexas.edu/maps/historical/shepherd/byzantine_empire_1355.jpg
- https://maps.lib.utexas.edu/maps/historical/shepherd/ottoman_empire_1481-1683.jpg

Reference

- Ardel Ahmed. (1992). The Natural Geography of the Turkish Countries. Handbook of the Turkish world, Volume One, Geography-Tarix, Ankara–549 б.
- Ayazbekova Sabina Sharipovna. (2012). «Turkic civilization» in the system of civilizational classifiers. The Almanac «VIA EVRASIA» <https://www.viaevrasia.com/ru>
- Omarov Asylbek, Attila, historical and documentary research, Altyn Bulak publishing house, Bishkek, 266 P.
- B. S. Dosmanbetov. (2015). The formation of Turkic peoples / B. S. Dosmanbetov. – Text: // Young Scientist. № 19 (99). – S. T. 2. 1–6. – URL: <https://moluch.ru/archive/99/22479>
- Pakendorf B., Spitsyn V.A. and Rodewald A. (1999). Genetic Structure of a Sakha Population from Siberia and Ethnic Affinities. «Human Biology» Vol. 71, No. 2, pp. 231–244 (14 pages)// Published By: Wayne State University Press

- Iscakh Danday. (2022). The Turkic world in the era of globalization. <https://turkiya.kz/02.05.2022>
- Masimhanuly D., Mukhamethan N. (2024). National policy of the Communist Party of China in Xinjiang. Monograph, – Almaty: «Kazyna», 384 P.
- Karybai Erzat. (2024). Immigration of peoples in the era of the Mongol Empire. <https://e-history.kz/kz/news/show/50000016/17.12.2024>
- Juious Von Klaproth. (1826). Tableaux Historiques de L' Asie. Paris, Legare Street Press, 336 p
- Eltazarov Juliboy. (2002). Mahmud Kashgary's map of turkic world and modern geopolitical position of turkic peoples. Turkology, Central Asia, <https://www.academia.edu>
- Klyashorny S.G. (1964). Ancient Turkic runic monuments as a source for the history of Central Asia. Moscow: Nauka Publ., – 214 p.
- Kononov A.N. (1949). The experience of analyzing the term «Turk». Soviet ethnography (1), 4 P.
- Kradin N. N. (2000). Alternative paths to civilization: Collective monograph / Edited by N. N. Kradin, A. V. Korotaev, D. M. Bondarenko, V. A. Lynsha. – Moscow: logos – 368 p.
- Markus Collier, 2012 Ottoman History of South-East Europe Published: 2012-01-10
- Oghuz State. (2022). History of Kazakhstan. <https://e-history.kz/19.09.2022> ж.
- Өтемура́т Орынба́к. Түркия Орталық Азияны «Түркістан» деп атауды ұйғарды, Egemen Kazakhstan, 11 қазан 2024 жыл.
- Song Zhenhao. (2010). Outline of the History of the Shang Dynasty: Volume 1 of the History of the Shang Dynasty//China Social Sciences Press. 10: 143. ISBN 978-7-04-028311-2
- Zakenuly Tursynkhan. (2009). The United Turkic Khaganate and the Etonym «Uyghur», Socio-Political and Legal Problems of Education and Society. Bulletin of KASU, No. 4. pp. 228-235.
- Chang, H.K. (2023). Westward Migration of the Turkic-speaking People. In: Mapping Civilizations Across Eurasia. Palgrave Macmillan, Singapore. https://doi.org/10.1007/978-981-99-7641-6_32
- Hu Houxuan, Hu Zhenyu. (2003). Chinese Chronological History Series – History of the Shang Dynasty. Shanghai People's Publishing House. Page 41–52. ISBN 7-208-04584-4
- Xu Yihua. (2008). «The Shang Dynasty's Control Strategy on Foreign Subjugated States», Journal of Pingdingshan University, No. 03
- <https://www.researchgate.net/figure/Geographic-location/2022-02-22>
- https://maps.lib.utexas.edu/maps/historical/shepherd/byzantine_empire_1355.jpg
- https://maps.lib.utexas.edu/maps/historical/shepherd/ottoman_empire_1481-1683.jpg

Авторлар туралы мәлімет:

Қастер Сарқытқан – география ғылымының кандидаты, доцент, «Қытай және Азия-Тынық Мұқиты аймағын зерттеу» орталығының меңгерушісі, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты (Алматы, Қазақстан. E-mail: kaster012@mail.ru)

Сағыныш Көпенқызы Әмірбекова, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан. sagynysh.amirbekova@mail.ru)

Information about authors:

Kaster Sarkitkan-candidate of Geographical Sciences, Associate Professor, Head of the Center for the study of China and the Asia-Pacific region R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Almaty, Kazakhstan E-mail: kaster012@mail.ru)

Sagynysh Kopenovna Amirbekova, Researcher, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Almaty, Kazakhstan. sagynysh.amirbekova@mail.ru)

Сведения об авторах:

Қастер Сарқытқан – кандидат географических наук, доцент, заведующий Центром «Исследования Китая и Азиатско-Тихоокеанского региона», Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Алматы, Казахстан, e-mail: kaster012@mail.ru);

Амирбекова Сағыныш Копеновна – научный сотрудник, Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Алматы, Казахстан, e-mail: sagynysh.amirbekova@mail.ru).

Келіп түсті: 09.03.2025

Қабылданды: 25.11.2025